

**«Қазақстан – менің алтын бесігім»  
Республикалық балалар фестивалін  
өткізу ережесі**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың тәрбиеленушілері арасында «Қазақстан – менің алтын бесігім» Республикалық балалар фестивалін (бұдан әрі – Фестиваль) өткізу ережесі оның мақсатын, міндеттерін, өткізу және қаржыландыру тәртібін анықтайды.

2. Фестивальдің мақсаты: қазақстандық қоғамның дәстүрлі мәдени, рухани және адамгершілік құндылықтарына негізделген азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру үшін жағдай жасау, төзімділікке тәрбиелеу және Қазақстан халқының түрлі этностарының мәдени дәстүрлерін зерделеу арқылы жетім балалардың және ата-аналарының қарауынсыз қалған балалардың шығармашылығын дамыту.

3. Фестивальдің міндеттері:

1) жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, өз халқының этномәдениетін зерделеуге, балаларды белсенді шығармашылық қызметке тарту;

2) халық шығармашылығы саласындағы мәдени дәстүрлердің сабақтастығын сақтау;

3) балалар, педагогтер, қоғамның өзара араласуының толеранттылық дағдылары мен біліктерін қалыптастыру;

4) жетім балалардың және ата-аналарының қарауынсыз қалған балалардың бойында отансүйгіштік қасиетті, ұлттық мәдениетке, халық дәстүрлеріне деген құрметті және ұқыпты қарым-қатынасты тәрбиелеу;

5) қоғамды, БАҚ-ты жетім балалардың және ата-аналарының қарауынсыз қалған балалардың өздерін таныту және өзін өзі іске асыру құралы ретінде назарын аудару;

6) ұлттық мәдениетті насихаттайтын шығармашыл ұжымдарды және жеке орындаушыларды анықтау, қолдау;

7) шығармашылық жұмыспен айналысатын педагогтерді ақпараттық қолдау, ұжым арасындағы шығармашылық байланыстарды кеңейту және білім беру ұйымдары педагогтерімен тәжірибе алмасу.

4. Фестивальді Қазақстан Республикасы Білім және ғылыми министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы өткізеді.

5. Ұйымдастырушылар әділқазылар алқасы, ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

## **2-тарау. Фестивальді өткізу мерзімі мен өтетін орны**

6. Фестивальдің Республикалық кезеңі **2019 жылғы 28 ақпан – 1 наурызда** өткізіледі, қатысушылардың келу күні – **2019 жылғы 27 ақпан**, кету күні – **2 наурыз**.

7. Фестивальді өткізу орны: Алматы қаласы Оқушылар сарайы, мекенжайы: Медеу ауданы, Достық көшесі, 124.

Қатысушылардың тұратын орны: Алматы қаласы Оқушылар сарайына қарасты жыл бойы жұмыс істейтін «Өрнек» лагері.

8. Фестивальға қатысу үшін Облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары білім басқармалары басшыларының қолы қойылған өтінімдер (қосымша) ұйымдастырушыларға ұсынылады.

Өтінімге қоса тіркеледі:

1) фестивальға қатысу үшін фестивальдің облыстық (*Астана, Алматы және Шымкент - қалалық*) кезеңнің жеңімпаздарын жіберу туралы білім басқармасы басшысының бұйрығының көшірмесі;

2) қатысушылар туралы мәліметтер (*Т.А.Ж., туған жылы, сыныбы, оқу орны және білім беру ұйымының мекен-жайы, телефоны, номинация, жұмыс атауы, топ жетекшісінің Т.А.Ж., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефондары*);

3) қатысушылар мен топ жетекшісінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

4) байқау бағдарламасы.

## **3-тарау. Фестивальдің қатысушылары**

9. Фестивальға 10-17 жастағы (18 жасқа дейін) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың тәрбиеленушілері – фестивальдің облыстық, қалалық (Астана, Алматы және Шымкент) кезеңдерінің жеңімпаздары қатысады.

10. Қатысушылардың жалпы саны – 170 адам: өңірден – 8 бала, 1 жетекші, 1 медицина қызметкері.

11. Фестиваль өтетін жерге баратын жолда, іс-шараны өткізу кезінде және тұрғылықты жеріне қайтар жолда балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі үшін жауапкершілік білім басқармасының бұйрығымен анықталған топ жетекшілері мен медицина қызметкерлеріне жүктеледі.

12. Топ жетекшілерінде мынадай құжаттар болуы тиіс:

1) білім басқармасы басшысының облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының фестиваль кезеңдерінің қорытындысы бойынша фестивальға қатысу үшін білім алушыларды және топ жетекшілерін жіберу туралы бұйрығының көшірмесі;

2) қатысушылар туралы мәліметтер (*Т.А.Ж., туған жылы, сыныбы, оқу орны және білім беру ұйымының мекен-жайы, телефоны, номинациясы, топ*

жетекшісінің және медицина қызметкерінің Т.А.Ж., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефоны);

3) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері (куәлік (паспорт) немесе туу туралы куәлік);

4) дәрігердің қолымен және мөрімен расталған қатысушының денсаулық жағдайы туралы анықтама;

5) топ жетекшілері және медицина қызметкерінің іссапар куәлігі;

6) т/ж билетінің көшірмесі, отырғызу талоны.

13. Облыстың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әрбір делегациясында болуы қажет:

қойылымға арналған костюмдер;

шағын дискідегі, флеш-жинақтауыштардағы фонограммалар (минус);

киімнің ерекше элементтері: галстук, кепка, бас киім, төсбелгі, сондай-ақ жеке гигиена заттары.

#### 4-тарау. Фестивальді өткізу шарттары мен тәртібі

14. Фестиваль екі кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең (іріктеу) - *өңірлік*:

білім беру ұйымының ішінде;

аудандық (қалалық);

облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалары.

2) екінші кезең (қорытынды) – *Республикалық* Фестиваль.

15. Фестивальдің бірінші (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімдері облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының аудандық (қалалық) білім бөлімдері мен басқармалары басшыларының бұйрықтарымен анықталады.

16. Фестиваль келесі бағыттар бойынша жүргізіледі.

**«Татулықтың тұтқасы - бірліктің бесігі» халық билері байқауы.** Бұл номинацияда әртүрлі ұлттар мен этностардың билері, стиль, техника мен музыкаға түрлі әлем халықтарының билері ұсынылады.

**Сипаттамасы:** кәсіби орындау деңгейін, экспрессивтілігін, халықтың атмосферасы мен дәстүрлерін көрсетуге мүмкіндік беретін би композициясы. Би таза түрде немесе стильдер комбинациясы ретінде орындалуы мүмкін және театр элементтерін қамтуы мүмкін.

Орындалу ұзақтығы - 3 минутқа дейін. Қатысушылар 2 би орындайды, олардың жалпы ұзақтығы 7 минуттан аспауы тиіс.

Фестивальға жеке бишілер, би дуэттері, триолар қатысады. Өнер көрсету – жеребе тастау арқылы анықталады.

Хореография байқауы бір жас санаты бойынша өткізіледі. Фестиваль жеңімпаздарын анықтау кезінде қатысушылардың жасы шешуші рөл атқармайды.

17. Қойылымдарды бағалау өлшемшарттары:

көрінісі (халыққа эмоциялық әсері);

тұжырымдаманың, оқиғаның, идеяның немесе тақырыптың ерекшелігі және креативтілігі;

костюмдердің, гримнің және реквизиттердің жалпы идеясына сәйкестігі; визуалды эффектілерді қолдануы;

тұжырымдама, музыка және хореография арасындағы үйлесімділікті сақтауы;

орындау техникасы.

**18. «Жүрек жылуы» вокалистер байқауы.** Вокалистер байқауы (соло, дуэт, трио) келесі жас санаттары бойынша өткізіледі:

кіші топ – 10-13 жас;

орта топ – 14-17 жас.

Вокалистердің өнер көрсету бағдарламаларына 2 шығарма енгізілуі тиіс: бір – қазақстандық автор, екінші – кез келген автордың туындысы.

Қатысушылар шығармаларды «минус» фонограммаларының сүйемелдеуімен орындайды, олардың біреуі қазақ тілінде, екіншісі – Қазақстан Республикасының аумағында тұратын этнос тілінде.

19. Өнер көрсетудің бағалау өлшемшарттары:

вокалдық-музыкалық қабілеттері (дауысы жақсы, таза екпіндеуі, ритм сезімі, дициясының жақсы болуы);

шығарманы көркемдік түрлендіру;

сахналық бейнесі (нөмірдің қойылымының әннің мазмұнына сәйкестігі);

ерекшелік және креативтілік деңгейі.

**20. «Ризамын халқыма!» музыкалық-театрландырылған қойылымдар байқауы.** Аталған номинацияда *музыкалық, драмалық, хореографиялық және опера өнерін, ұлттық, этнографиялық, заманауи билердің, классикалық балеттің және т.б. элементтерін қамтитын* мюзикл ұсынылады).

Қатысушы ұжымдар 15 минуттан аспайтын театрландырылған қойылымды ұсынуы қажет. Барлық қажетті декорациялар мен реквизиттерді қою үшін қатысушы ұжым өзімен бірге алып келеді және оларды құрастыру мен бөлшектеуді өз бетінше қамтамасыз етеді.

21. Байқау жұмыстарын бағалау өлшемшарттары:

жұмыстың номинация тақырыбына сәйкестігі;

нөмірді көркем безендіру (музыка, костюм, реквизит);

бейнелі мәнерлілік;

композициялық шешім (нөмір драматургиясы, бидің «суреті»);

орындау техникасы (хореографиялық лексика, жасына сәйкестігі);

актерлік шеберлік (сахна тілі, сахна қимылдарының элементтері);

хореография (классикалық, ерекше, сахналық, модерн би);

вокал (академиялық, эстрадалық, джаз);

шығарманы көркемдік түрлендіру;

ерекшелік және креативтілік деңгейі;

Фестиваль тұжырымдамасы, музыка және хореография арасындағы үйлесімділікті сақтау;

Музыкалық және лексикалық материалдың жасқа сәйкестігі.

22. Байқау жұмыстарын 10 балдық шкала бойынша байқаудың өлшемшарттарына сәйкес кәсіби қазылар алқасы бағалайды. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді.

### **5-тарау. Фестивальға қатысушыларды марапаттау**

23. Фестиваль жеңімпаздары Гран-при, I, II, III дәрежелі дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады. Фестивальдің барлық қатысушыларына сертификаттар беріледі.

Сондай-ақ келесі номинациялар бойынша дипломдармен және сыйлықтармен марапатталады:

«Үздік халық биі», «Үздік композициялық қойылым», «Үздік би этюдi»; «Ең тартымды қатысушы», «Ең жарық Жұлдыз», «Ең үздік қазақ халқының фольклоры»; «Бейнені үздік актерлік түрлендіру», «Үздік әйел рөлі», «Үздік ер адамның рөлі», «Үздік екінші пландағы рөл», «Көркем сөз», «Үздік орындаушылық шеберлік», «Жас орындаушы», «Үміт беруші». Фестиваль жеңімпаздарын дайындаған педагогтерге алғыс хаттар тапсырылады немесе жіберіледі.

### **6. Фестивальді қаржыландыру**

24. Фестивальдің өңірлік кезеңдерін жергілікті атқарушы органдар қаржыландырады.

25. Іс-сапар кезінде жетекшілердің еңбек ақысы сақталады.

Егер қатысушылармен бірге келетін жетекшілердің саны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бекіткен нормаларынан асып кететін болса, күнделікті шығыстары бағыттаушы тараптың есебінен төленеді.

26. Фестиваль қатысушыларының іс-шара өткізілетін жерге келетін жолдағы тамақтануы жіберуші жақтың тарапынан төленеді.

27. Фестиваль кезінде қатысушылардың орналасуы және тамақтануы, Фестиваль қатысушыларының темір жол көлігімен келу-кету жол пұлы, кері қайтар жолдағы құрғақ тамақпен қамту шығыстары және Фестивальді өткізу және ұйымдастыру республикалық бюджет есебінен қамтамасыз етіледі.

28. Жіберуші тарап уақытылы 2019 жылғы 1 ақпанға дейін келу-қайту жолына темір жол билетін алады және Фестивальдің ұйымдастырушыларына шығыстарды өтеу үшін растайтын құжаттарды (т/ж билетінің көшірмесін, отырғызу талонын) ұсынады.

